

 FREEDOM TELECOM	«Freedom Telecom Operations» ЖШС Жеткізуші кодексі	№1 редакция
		БШ №
		10 беттің 1-беті

«Freedom Telecom Operations» ЖШС
 Басқармасының
 2024 жылғы «27» мамырдағы шешіміне
 № 2 қосымша
 (№ 14 хаттама)

«Freedom Telecom Operations» ЖШС **Жеткізуші кодексі**

Мәртебесі	Құжатты әзірлеуші	Құжат иесі
Бөлімше	Комплаенс бақылау қызметі	Басқарма төрағасы
Т.А.Ә.	М.Е. Тілеумбет	К.Б. Ахметов
Қолы		
Күні	2024 жылғы 27 мамыр	2024 жылғы 27 мамыр

 FREEDOM TELECOM	«Freedom Telecom Operations» ЖШС Жеткізуші кодексі	№1 редакция
		БШ №
		11 беттің 2-беті

Мазмұны

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
2. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАТТАРЫ.....	3
3. ЕҢБЕК НОРМАЛАРЫ.....	4
4. ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ.....	5
5. ЭТИКА ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ НОРМАЛАРЫ.....	6
6. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ	7
7. ҚОРШАҒАНОРТА.....	8
8. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕР ҚАУІПСІЗДІГІ.....	8
9. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ	10
10. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	11

 FREEDOM TELECOM	«Freedom Telecom Operations» ЖШС Жеткізуші кодексі	№1 редакция
		БШ №
		11 беттің 3-беті

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Freedom Telecom Operations» ЖШС (бұдан әрі - Серіктестік) жеткізушінің кодексі Серіктестіктің барлық жеткізушілерінің осы Кодекстің қағидаттарын, сондай-ақ жоғары этикалық стандарттарға, бизнесті ашық және адал жүргізу қағидаттарына, сондай-ақ орнықты дамудың негізін құрайтын аспектілеріне бейілділік шеңберінде Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген негізгі қағидаттарды сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған.

1.2. Серіктестіктің жеткізушілері Серіктестіктің ресми интернет-ресурсында орналастырылған Қазақстан Республикасы заңнамасының, басқа да қолданылатын заңнаманың және Серіктестіктің сатып алу саласындағы ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға тиіс.

1.3. Жеткізуші - бизнес-серіктестер, сатушылар, жеткізушілер, агенттер, мердігерлер, делдалдар, реселлерлер, дистрибьюторлар, бөгде қызмет провайдерлері, сенімгерлер, және басқа контрагенттер.

2. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАТТАРЫ

2.1. Серіктестіктің жеткізушілері мыналарды сақтайды:

- 1) өз жұмысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермейді;
- 2) өз қызметкерлеріне, өкілдеріне және бірлесіп орындаушыларына/ қосалқы мердігерлеріне Серіктестікпен жасалған шарттар бойынша коммерциялық пара беруге және сыбайлас жемқорлық сипаттағы өзге де әрекеттер жасауға тыйым салады;
- 3) заңсыз мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарын жасамайды;
- 4) балалар еңбегін болдырмайды;
- 5) кез келген кемсітушілікті, оның ішінде жұмысқа орналасуға және еңбек қызметіне қатысты кемсітушілікті болдырмайды;
- 6) жұмыскерлердің жұмыс уақыты мен демалысына қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін сақтайды;
- 7) ең төменгі жалақы мөлшеріне қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтайды;
- 8) Қазақстан Республикасының және (немесе) өз қызметін жүзеге асыратын өзге де елдің еңбек заңнамасын сақтайды;
- 9) БҰҰ қабылдаған адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында белгіленген адам құқықтарын құрметтейді және сақтайды. Жеткізушілер адам құқықтарының кез келген бұзылуына ықпалдасудан бас тартуға міндетті және әрқашан жеке қадір-қасиетін, жеке деректерге және әрбір адамның құқықтарына қол сұғылмаушылықты құрметтеуге міндетті. Жеткізушілер жұмысшыларға қолайсыз

 FREEDOM TELECOM	«Freedom Telecom Operations» ЖШС Жеткізуші кодексі	№1 редакция
		БШ №
		11 беттің 4-беті

қарым-қатынастың, соның ішінде моральдық қысым, қол сұғу, мүмкіндіктері шектелген тұлғалардың құқықтарын бұзу, құлдық және жыныстық қудалаумен қоса кез-келген түріне төзбеушілікпен қарауға міндетті;

10) Қоршаған ортаны қорғаудың қолданыстағы стандарттарына сәйкес әрекет етеді және жұмыста тиісті жауапкершілікті көрсете отырып, табиғат қорғау саласында қолданылатын заңдарды сақтайды. Жеткізушілер қоршаған ортаның ластануын азайтуға міндетті түрде тырысуы керек. Экологиялық немесе әлеуметтік жағдайды жақсартатын өнімдер мен қызметтердегі инновациялық өзгерістерді, сондай-ақ экологиялық таза технологияларды пайдаланумен бірдей жан-жақты қолдауы қажет. Жеткізушілер адамдардың өмірі мен денсаулығына, табиғат пен қоршаған ортаға жағымсыз салдарлар әкелетін жұмыс бағыттарындағы жағдайды түзету үшін шаралар қабылдауға міндетті;

11) Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды сақтайды, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді

3. ЕҢБЕК НОРМАЛАРЫ

3.1. Серіктестіктің жеткізушісі барлық қызметкерлерге тиісті еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және қызметкерлердің барлық еңбек құқықтарының орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

3.2. Негіздемелеріне қарамастан, оның ішінде жұмысқа орналасуға және еңбек қызметіне, жынысына немесе гендерлік қатыстылығына, ұлтына, азаматтығына, нәсіліне, терісінің түсіне немесе этникалық тегіне, дініне, жасына, тіліне, отбасы, әлеуметтік және ата-ана мәртебесіне, мүлктік және лауазымдық жағдайына, қоғамдық бірлестіктерге және саяси уәжіне жүктілік, мүгедектік, сондай-ақ қызметкердің іскерлік қасиеттеріне және оның жұмыс нәтижелеріне байланысты емес басқа жағдайларға қатысты кез келген кемсітушілікке тыйым салынады.

3.3. Жұмысқа қабылдау үшін қолданыстағы заңнамада белгіленген ең төменгі жасқа толмаған адамдарды жұмысқа қабылдауға тыйым салынады. Серіктестіктің жеткізушілері қолданыстағы заңнамаға сәйкес еңбек шартын жасасуға жол берілетін жағдайларды қоспағанда, балалардың немесе кәмелеттік жасқа толмағандардың еңбегін пайдаланбауы тиіс.

3.4. Серіктестік жеткізушісінің барлық қызметкерлерінде олар үшін түсінікті тілде жасалған еңбек шарты немесе қызмет көрсету шарты болуы тиіс.

Еңбек шарты жұмыс уақытының ұзақтығын, қосымша жұмыс уақытындағы жұмыс үшін өтемақыны, хабарлама мерзімін, жалақы мөлшерін және төлем жиілігін, сондай-ақ қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де талаптарды қоса алғанда, барлық негізгі талаптарды белгілеуі тиіс.

 FREEDOM TELECOM	«Freedom Telecom Operations» ЖШС Жеткізуші кодексі	№1 редакция
		БШ №
		11 беттің 5-беті

3.5. Серіктестіктің жеткізушілері жұмыскерлердің жұмыс уақыты мен демалысына және жұмыс берушінің басқа да міндеттеріне қатысты заңнама нормаларын сақтайды.

3.6. Серіктестіктің жеткізушілері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшеріне қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтайды. Үстеме жұмыс уақытында жұмыс істеу, демалыс және мереке күндері немесе түнгі уақытта жұмыс істеу талаптарға, еңбек немесе ұжымдық шарттарға және (немесе) жұмыс берушінің актісіне сәйкес жоғарылатылған мөлшерде төленеді.

3.7. Заңсыз мәжбүрлі еңбектің барлық түрлері алынып тасталды. Жұмыскерлерді ақшалай қаражатты немесе жеке басын куәландыратын құжаттардың түпнұсқаларын немесе олардың баламаларын кепілге қалдыруына міндеттеуге тыйым салынады. Жұмыскерлер еркін жүріп-тұруға және ерекше жағдайларда және дәлелді себептермен жұмыс уақытында басшының келісімі бойынша еңбек шартында белгіленген жұмыс орнынан кетуге құқылы. Ешкім физикалық жазаға, заңсыз ұстауға, физикалық, жыныстық және (немесе) психологиялық қудалауға ұшырамауы керек.

3.8. Жалақыдан ұстап қалу тәртібі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленеді.

3.9. Серіктестіктің жеткізушілері қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз қызметкерлері үшін бірлестік бостандығына құрмет көрсетеді

4. ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

4.1. Серіктестіктің жеткізушілері Қазақстан Республикасы заңнамасының олардың қызметіне қатысты барлық талаптарын қатаң сақтайды, оның ішінде:

1) **бәсекелестік**: бәсекелестікті тең талаптармен жүзеге асыруға қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтау;

2) **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтау. Серіктестік жеткізушілері бизнесті алу немесе сақтау, не қаражат немесе жеңілдіктер алу мақсатында Серіктестік қызметкерлеріне және үшінші тұлғаларға өз атынан немесе Серіктестік атынан тікелей немесе жанама түрде қандай да бір материалдық немесе басқа да көтермелеулер ұсынбайды;

3) **заңсыз алынған кірістерді заңдастыру**: заңсыз алынған кірістерді заңдастыруға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау. Серіктестіктің жеткізушілері ақшаны жылыстату практикасына тартылмауы немесе оны қолдамауы керек;

4) **мүдделер қақтығысы**: Серіктестік қызметкерлеріне немесе олардың

 FREEDOM TELECOM	«Freedom Telecom Operations» ЖШС Жеткізуші кодексі	№1 редакция
		БШ №
		11 беттің 6-беті

туыстарына қатысты олардың іскерлік қызметіне не қабылданатын шешімдеріне теріс әсер етуі мүмкін нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысы болатын жағдайларды болдырмау, айқындау және анықтау;

5) **сыйлықтар мен ризашылық білдіру белгілері:** Серіктестік қызметкерлеріне сыйлықтар мен алғыс белгілерін ұсынудан бас тарту. Серіктестік барлық сыйлықтар мен ризашылық белгілерін, егер олар негізделген символдық мәннен, сондай-ақ кездейсоқ және айқын сыйлықтар мен ризашылық белгілерінен асып кетсе, қабылдамайды және олардың есесін қайтара алмайды.

5. ЭТИКА ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ НОРМАЛАРЫ

5.1. Сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне, соның ішінде бопсалауға, парақорлыққа, формальдылықты жеңілдеткені үшін сыйақыға, алаяқтыққа, ақшаны жылыстатуға және Серіктестік жеткізушісінің қызметіндегі непотизмге қатаң тыйым салынады.

5.2. Серіктестіктің жеткізушілері өз қызметкерлеріне мәмілеге әсер ету немесе жеке немесе іскерлік артықшылықтар алу мақсатында қолайлы қарым-қатынастың орнына тікелей немесе жанама түрде төлемдерді, сыйлықтарды немесе артықшылықтарды ұсынуға, сұрауға, беруге немесе қабылдауға тыйым салады. Бұл талап отбасы мүшелеріне де, Серіктестік жеткізушілерінің және олардың бірлесіп орындаушысының персоналына да қолданылады.

5.3. Серіктестік жеткізушілері әділ бәсекелестік пен еркін нарық қағидаттарын сақтауға тиіс. Бизнес шешімдері жеке қатынастар мен мүдделерді ескере отырып немесе олардың әсерінен қабылданбауы керек.

5.4. Серіктестік жеткізушілері Серіктестік жеткізушілері мен Серіктестік қызметкерлеріне немесе олардың туыстарына қатысты олардың іскерлік беделіне немесе қабылданған шешімдеріне теріс әсер етуі мүмкін нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысы бар жағдайларды анықтау алдын алу үшін бар күшін салады.

Сыйлық дегеніміз қызметкердің кез-келген үшінші тұлғадан алатын немесе Серіктестік қызметкерінің Серіктестік атынан Серіктестік қызметкерінің еңбек міндеттерін орындау барысында немесе Серіктестік пен үшінші тұлға арасындағы іскерлік қатынастарға байланысты өтеусіз негізде үшінші тұлғаға беретін кез-келген құндылығы, пайдасы немесе артықшылығы.

Серіктестік:

- Жеткізушіден Мемлекеттік орган/мемлекеттік қызметші болып табылмайтын Жеткізуші үшін құны бір адамға 50 000 теңгеден аспайтын сыйлықтар мен ризашылық белгілеріне;

- өз шешімдері мен қызметін көрсету шеңберінде Жеткізушілер немесе Серіктестік ұйымдастырған іс-шараларға шақыртулар, конференциялар, құны бір

 FREEDOM TELECOM	«Freedom Telecom Operations» ЖШС Жеткізуші кодексі	№1 редакция
		БШ №
		11 беттің 7-беті

адамға 100 000 теңгеден аспайтын кез келген басқа іскерлік қонақжайлылыққа рұқсат береді.

Көрсетілген лимиттерден асатын сыйлықтар мен шақыруларға тыйым салынбайды, бірақ Комплаенсты бақылау қызметімен келісілуі керек.

6. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ

6.1. Серіктестік жеткізушілері олардың қызметі өз қызметкерлерінің, мердігерлердің, өз өнімдерін тұтынушылардың және басқа да адамдардың денсаулығы, сондай-ақ аумағында және үй-жайында шарттық қатынастар жүзеге асырылатын Серіктестік қызметкерлерінің қауіпсіздігі үшін қауіпсіз екендігіне кепілдік береді.

6.2. Серіктестіктің жеткізушілері еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге тиіс, жұмыскерлер денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі ақпаратпен танысуға және өрт қауіпсіздігі, радиациялық қауіпсіздік, химиялық заттармен және жабдықтармен дұрыс жұмыс істеу және төтенше жағдайларға және алғашқы көмек көрсетуге дайындық бойынша тиісті дайындықтан өтуге тиіс.

6.3. Серіктестік жеткізушілерінің жұмыскерлерінде аварияларға/жарақаттарға немесе кәсіптік аурулардың туындауына әкеп соғуы мүмкін ықтимал тәуекелдер тиісті алдын алу іс-әрекеттерін (мысалы, жобалау, инжиниринг, әкімшілік бақылау, профилактикалық қызмет көрсету, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі рәсімдер, қауіпсіздік жөніндегі ағымдағы тренингтер, сондай-ақ жеке қорғану құралдарымен жарақтандыру) қабылдау арқылы бағалануы және бақылануы тиіс.

6.4. Серіктестіктің жеткізушілері жазатайым оқиғалар мен жарақаттардан болатын зардаптардың, залалдардың алдын алу немесе жою жөнінде барабар шаралар қабылдауға міндетті. Серіктестіктің жеткізушілері өз қызметкерлеріне қосымша ақысыз тиісті жеке қорғаныс құралдарын ұсынуы керек. Дене жарақатына әкеп соққан кез келген оқиға немесе жазатайым оқиға құжатпен ресімделіп, Серіктестік мердігерінің жоғары басшылығының назарына жеткізілуі тиіс.

6.5. Серіктестік Серіктестікте қауіпсіздікті үздіксіз жақсарту, өз жұмыскерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыс жүргізеді және бұл туралы өзінің іскер серіктестерін міндеттейді. Өндірістік алаңдарда жұмыстарды орындау кезінде Серіктестіктің жеткізушілері еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша жоғары стандарттарды сақтайды, авариялық жағдайдың туындағаны туралы дереу хабарлауға жауапты болады

 FREEDOM TELECOM	«Freedom Telecom Operations» ЖШС Жеткізуші кодексі	№1 редакция
		БШ №
		11 беттің 8-беті

7. ҚОРШАҒАН ОРТА

7.1. Серіктестік жеткізушілері қоршаған ортаны сақтауға және олардың табиғи ресурстарға барынша ықтимал теріс әсерін азайтуға ықпал ететін іс-шараларды енгізуге және (немесе) орындауға тиіс.

7.2. Серіктестік жеткізушілері шартты орындау кезінде өндірілетін зиянды заттардың көлемін шектейді, сондай-ақ мұндай қалдықтарды қоршаған ортаға үлкен зиян келтірместен жоюды қамтамасыз етеді.

7.3. Серіктестік жеткізушілері улы заттарды пайдаланудың алдын алу бойынша шаралар қабылдауы тиіс. Балама болмаған жағдайда Серіктестіктің жеткізушілері улы заттарды қолдануды барынша азайтып, қауіпсіз өңдеуді және олардың жойылуын қамтамасыз етуге тиіс. Басқа зиянды заттарға, элементтерге немесе шектеулі пайдаланудағы қалдықтарға қатысты Серіктестіктің жеткізушілері қолданылатын барлық құқықтық нормаларды қатаң сақтауы тиіс.

7.4. Серіктестік жеткізушілері табиғатты үнемдеу технологияларын (мысалы, ластаушы заттарды, көмірқышқыл газының бөлінуін бақылауды), сондай-ақ энергияны үнемдеу және қалдықтарды қайта өңдеу технологияларын дамытуды жүзеге асырады, сондай-ақ олардың қоршаған ортаға теріс әсерін төмендететін логистикалық стратегияларды (әсіресе сақтауға, шамадан тыс тиеуге және тасымалдауға қатысты) енгізеді.

7.5. Серіктестік жеткізушілері қоршаған ортаны қорғау, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі өлшемшарттарды қоршаған ортаға теріс әсерді жою немесе азайту, тауарлардың жалпы қызмет ету мерзімі кезінде, өз тауарларын пайдалану сапасын қолдау және (немесе) жақсарту кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мақсатында өз тауарлары мен қызметтерін дамытуға қосады.

7.6. Жеткізуші өз тауарларының осындай тауарларға қолданылатын стандарттар мен нормаларға сәйкес келетіндігін растауы керек

8. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕР ҚАУІПСІЗДІГІ

8.1. Серіктестік жеткізушілері Серіктестік, оның серіктестері, іскерлік іс-шаралар, шарттар, жобалар, құрылым, қаржылық жағдай немесе қызмет туралы кез келген ақпараттың құпиялылығын, егер олар оны жария етуге арнайы жазбаша рұқсат алмаса сақтауға тиіс.

8.2. Серіктестік жеткізушілері клиенттік деректердің сақталуы мен қауіпсіздігіне кепілдік беретін жүйелерді пайдалануы, құпия деректердің шығып кетуіне жол бермеуі тиіс.

 FREEDOM TELECOM	«Freedom Telecom Operations» ЖШС Жеткізуші кодексі	№1 редакция
		БШ №
		11 беттің 9-беті

Осы Кодекстің талаптары Жеткізушілермен Серіктестік жасасатын шарттардың ажырамас бөлігін құрайды.

Серіктестік жеткізушілері осы құжат арқылы өз қызметкерлерін осы Кодекспен таныстыру міндеттемесін қабылдайды.

Мен, осылайша, төменде көрсетілген Жеткізушінің уәкілетті өкілі бола отырып, осы құжаттың мазмұнын мұқият тексергенімді және түсінгенімді растаймын, сондай-ақ осы компанияның осы Кодекске толық сәйкес әрекет ететінін растаймын

Жеткізуші өкілінің А.Т.Ә.: _____

Жеткізуші атауы: _____

Күні: _____

Қолы: _____

 FREEDOM TELECOM	«Freedom Telecom Operations» ЖШС Жеткізуші кодексі	№1 редакция
		БШ №
		11 беттің 10-беті

9. КЕЛІСІМДЕУ ПАРАҒЫ
(«Documentolog» ЭҚК-мен келісу нәтижесінде салынды)



**FREEDOM
TELECOM**

«Freedom Telecom Operations» ЖШС
Жеткізуші кодексі

№1 редакция

БШ №

11 беттің 11-беті

10. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

Бөлімше атауы	Т.А.Ә.	Лауазымы	Күні	Қолы